

## Хаттама №2

Кезектен тыс қашықтықтан мектепшілік қамқоршылық кеңестің отырысы өтті.

«Төлесін Әлиев атындағы  
№1 жалпы білім беретін мектеп» КММ-сі

01.08. 2025ж.

Қамқоршылық кеңес отырысына қатысқандар:

- I. Комиссия төрайымы : Алиева Аккенже  
Қамқоршылық кеңес мүшелері: Досниязов Төлеген  
Овезова Балкенже  
Жайлыбаева Анар  
Әнесова Гаухар  
Корганбаева Майра  
Бердибаева Арша

- II. Жумаханов Еркасым Итибаевич - мектеп директоры  
Таджибаева Сағыныш Коянбаевна – әлеуметтік педагог  
Туркменбаева Тазегул Туркменбаевна – бас есепші

### Күн тәртібінде :

- 1) Жекелеген санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылық және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты беру туралы
- 2) Жекелеген санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылық және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражат берілетін оқушылардың тізімін жасау және бекіту.

1. Бас есепші: Т.Туркменбаева сөз алып, өз сөзінде 28.07.2025 жыл күнгі Маңғыстау облысының білім басқармасы «Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ –нің басшысы жанында өткізілген №12 хаттамасымен таныстырды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысына сәйкес, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмекке мұқтаж білім алушыларға әр балаға киім, аяқ киім, оқу-жазу құралдарын сатып алу үшін қолданыстағы заңнамаға сәйкес, ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен емес мөлшерде 50000 (елу мың) теңгеден берілетіндігін айтып өтті. 2025/2026 оқу жылында бөлінген жалпы сомасы 15.275. 000 (он бес миллион екі жетпіс бес мың) теңге көлеміндегі қаражат бөлінгендігін мәлімдеді.

2. Мектептің әлеуметтік педагогы Таджибаева Сағыныш ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысымен анықталатын жалпыға бірдей оқу қорынан көмек алуға құқығы бар мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілердің отбасының мәртебесі Мансап орталығынан алынған Отбасының цифрлық картасы тізімінен отбасының мәртебесі анықталып жатырғандығын мәлімдеді. 2025/2026 оқу жылында қаржылай көмекпен қамтылуға тиісті 1-11 сынып аралығында Мансап орталығынан алынған Отбасының цифрлық картасы тізімінен алынған отбасының мәртебесі анықталған оқушылардың тізімін жасақтап, бекітетіндігін айтты.

### **Сөз сөйлеу:**

1. Қамқоршылық кеңес төрайымы Алиева Аккенже оқушыларға Үкіметтен бөлініп жатқан қаражат оқу жылының басында аз қамтылған отбасы балаларына көп көмек екендігін айтып, қолдады.
2. Қамқоршылық кеңес мүшесі Қорғанбаева Майра қазіргі таңдағы нарықтағы барлық заттың қымбат екендігін ескере келе, әр балаға бөлініп жатқан 50000 теңге орынды екендігін жеткізді. Шешімді қолдайтынын айтты.
3. Қамқоршылық кеңестің мүшесі Досниязов Төлеген аталған санаттағы оқушыларға ҚР Үкіметі тарапынан әр кезде осындай жағдай жасалынып тұрса қуанатындығын айтып өтті.
4. Барлық комиссия мүшелері бірауыздан қолдау көрсетіп, ұсыныспен келісті.









### **Комиссия отырысының шешімі:**

1. ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысына және 28.07.2025 жыл күнгі Маңғыстау облысының білім басқармасы «Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ –нің басшысы жанында өткізілген №12 хаттамасына сәйкес, жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан бөлінген қаражат есебінен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналары мен қамқоршыларының халық банкісіне тиесілі картасеп шотына киім, аяқ киім, оқу-жазу құралдарын сатып алу үшін бөлінген ақшалай қаражат аудару түрінде әлеуметтік көмек беріلسін.

2. Ата-аналардың есеп шотына ақша аударуға тиісті құжаттарды жинақтап, есепшілерге тапсыру, тізімін жасақтау мектептің әлеуметтік педагогы С.Таджибаеваға міндеттелсін.

Комиссия төрайымы :

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

	Алиева Аккенже
	Досниязов Төлеген
	Овезова Балкенже
	Жайлыбаева Анар
	Әнесова Гаухар
	Қорғанбаева Майра
	Бердибаева Арша
	Таджибаева Сағыныш

Хатшысы: